

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

ӨЛЕҢДЕГІ ШЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ

ЖЫЛҚЫБЕКҰЛЫ Б.,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті,
филология ғылымдарының кандидаты,
ДАУЛЕТӘЛІ А.,*

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті,
PhD-докторы,
Астана, Қазақстан*

Өлең де, ғылым да – адам миының тіке туындысы. Олар адамдардың жеке мүддесінің қажетінен әлдеқайда биік тұратын ұқсастығымен табиғат пен қоғамды тануда туысқан тұлға болса да, бірақ олардың өзіндік өзекті айырмашылықтары бар. Осы орайда немістің әйгілі ақыны Гейнениң «Өмірбаян» атты кітабындағы мына бір қызықты оқиға еріксіз ойға оралады. Самаладай самсаған жұлдызды түндердің бірінде Гейне атақты философ Гегельмен бірге терезенің алдында иықтаса, аспанға қарап тұрып: «Періштелердің жаннаттай жайлы тұрағы болған жұлдыздар-ай!» - деп жұлдыздарға баяу үн қатады. Сонда Гегель: «Жұлдыздар, е, ол жарқыраған тыртық қой» - деп күбірлеген екен [1, 20]. Өлең өрісті көркемөнердің шағын бір бөлшегі болу салауатымен шынайы болмысты тану және бейнелеу әдісі жақтан ғылымға мүлде ұқсамайды. Жоғарыдағы Гейне мен Гегельдің екеуінің де сөз етіп отырғаны ұқсас бір жұлдыз туралы болғанымен, бірақ ол ақынның көзқарасында жұлдыз - періштенің жайлы тұрағы, жаннат мекен де, ал философтың көзқарасында жарқыраған тыртық қана болып, ол ешқандай таңдануға татымайтын, жай нәрсеге айналып қалады. Сондықтан өлең мен ғылымның бейнелеу тәсілдерін бір-бірінен айқын айыра білу қазақ өлеңінің көркемдік құнын жете тану үшін өте қажет. Өйткені ғылымның білу құралы таным болса, өлеңнің білу құралы - сезім, ғылым шынайы болмысты танып білуде, оны өте ыждағаттылықпен барлап бақылайды, зерделейді, оған салмақтылықпен талдау жүргізеді және үйлесімді логикалық тұжырым мен ғылыми қорытынды жасауды қатаң талап етеді. Осы орайда ғылым өзінің жеке сезімдік күйкі-күйбең тірлігін мүлде ұмытқан болады. Қысқасы, ғылымға сезімдік танымның ешқандай қажеті жоқ. Ал өлең болса ғылыми зерттеуге, оқулық құрастыруға, мәселелерге ғылыми талдау жүргізуге мүлде ұқсамайды. Ол - тек адамдарды сезім серпіні арқылы ғана сергітетін, жаны нәзік, жайдары жанр. Ол - өмірдегі құнарлы қуаныш пен қаралы қасіреттің жаршысы. Өйткені адам үнемі көне және жаңа сезімдердің тоғысында жүреді де, оның сол сезімдері үздіксіз өзгеріске түсіп, жаңаланып отырады. Егер осындай жаңаланып, жаңғырған сезімді кімде-кім киелі сезіне алатын болса, онда ол ақынға айналуы ғажап емес. Ең жаңа елестер мен шиырсыз шымыр ойларды өзара біте қайнастырып, қорытудың нәтижесінен барып сезімге айналған көзқарас өткір де өтімді тіл арқылы қағаз бетіне түскен соң ғана өлеңнің жан баласы баспаған жаңа, соны сүрлеу ізі дүниеге келеді. Бұл барыста өз міндетін орындауда өлеңнің өскелеңдігі үшін жалаң ой түйіні ғана айқын көрнектіленбей, қайта адамның көңіл-күйіне көз боларлық, жүрек лүпіліне айналған сезім селі басты орында тұрады.

Қуанамын, күлемін

Қызығына қаланың.

Бірақ менің жүрегім -

Бозторғайы даланың [2, 81].

Бұл шумақтың соңғы тармақтарында өлеңдегі лирикалық кейіпкер «меннің» жүрегі дереу бозторғайға айналады да, сол арқылы өлең иесі өзінің кең даланы сағынған ақындық жан сезімін оқырмандарға жайып салады. Сөйтіп бұл шумақтың тұтас тұлғасынан қуаныш пен қызыққа толы бозторғай жүректің дүрсілі аңғарылады. Өлең өнерінде кездесетін мұндай сезімдік толғаныстар, таза ғылыми танымға жат құбылыс болғандықтан, биология ғалымы «Менің жүрегім даланың бозторғайы» деп, өзінің ғылыми еңбегінде пайымдау жасайтын болса, онда ол ғалымның тұжырымы мүлде күлкілі жағдайға тап болған болар еді. Ал ақындар үшін мұндай образды, суретті толғаныстар өте ұтымды тапқырлық болып есептеледі.

Сондықтан дүбірлі дүниені сезім арқылы меңгеріп, тану көркемөнерге, жүйеден, өлеңге ғана тән өзіндік ерекше құбылыс болып есептеледі.

Алайда біз өлеңде сезімді ғана баса дәріптеп, таным мен философиялық тереңдікті шет қалдырудан аулақпыз. Өлеңнің бойындағы ой мен таным ғылыми зерттеу еңбектеріндегідей тек ұғымдардың ғана тура мағынасының жиынтығы емес, қайта өлеңде олар ақындық сезіммен апталып, өткір де өңді образды тілдермен беріледі. Егер ұйқасқа зорлап түсірілгенмен, өз образын дәл таппаған философиялық тереңдік нәзік сезімге айнала алмаса, онда ол өлең болып есептелмейді.

Тағы бір қырынан қарағанда өлең мен ғылым екеуі де қисынды ойлау, бейнелі ойлау және шабытты ойлау сынды жасампаздық қиялды қажет еткенімен, олардың ойлау барысы мүлде ұқсамайды. Ғылымдағы ойлау ұғымға сүйене отырып, жинақтау, тұжырымдау және қорытынды шығару арқылы шынайы дүниенің ішкі заңдылықтарын ашады. Ғылыми ойлау кейде қиялдың көмегімен әдеттегі ойлау барыстарынан аттап өтіп, белгілі нәтижеге бірден жетуі де мүмкін. Бірақ ғылыми қиялдау - бәрібір ғылыми ойлаудың бір бөлшегі. Өйткені қиялдау арқылы қолға келген бір жетістік қашанда бір логикалы ойлаудың тәжірибесінен өтеді. Сондықтан ғылыми зерттеуге болжамдық және теориялық талдау жүргізу өте қажет болады да, оған ғалымның жеке бастық сезімі ешқандай зәру болмайды. Ал өлеңдегі ойлау болса адам миында белгілі бедер қалыптастыратын суретті, образды жүлгесі бар бейнелі ойлаудың көмегіне сүйенеді. Мұндай бедерлі бейнелердің шынайы дүние мен айналадаға түрлі құбылыстардың адам миындағы тікелей немесе жанамалай бейнеленген сәулесі екендігі бәрімізге белгілі. Мұның өзі біз үнемі айтып жүретін қиялдың дәл өзі екендігінде дау жоқ.

Қыс ығысып бойынан жылу кеткен,
Есік ашты керімсал, сұлу көктем.
Жоталарда, жолдарда, жазықтарда
Ізі жатыр мезгілдің жүріп өткен [3, 120].

Ақын бұл шумақтағы «қыс», «көктем», «жоталар», «жолдар» және «мезгіл» қатарлы ұғымдарды тура мағынасында қолданып отырған жоқ. Қайта олардың образды бейнесі арқылы оқырмандар ой-сезімінде еркіндікке ие суретті елесті туындатып отыр. Оқырмандар бұл елестерді өздерінің мәдени өресінің жоғары-төмендігіне, өмір тәжірибесінің мол-аздығына қарай қиялында қайта жаңғырту арқылы ақынның жан сезімін аңғарып, оны өз сезіміне айналдырады. Ал ғылым оның, керісінше, қыс болса қыстың, көктем болса көктемнің тура мағынасының қасиеттеріне логикалы ойлау жүйесі арқылы төте талдау жүргізеді. Сондықтан біз қиялдың өлең жасампаздығындағы маңызды орны мен оның өлеңнен ләззат алудағы ерекше ырықтылығына үнемі баса назар аударамыз.

Қиялдың өзі - ақынның өмірден термелеп жинаған өмір тәжірибесін соны да тың жасампаздыққа қарай бастайтын бағдарлы сәуле. Егер адамның өмір тәжірибесін отқа теңейтін болсақ, онда қиял сол оттан шашыраған ақ сәулеге ұқсайды. Ақынның ақындық қиялы - ақынның өлең жасампаздығына ең қажетті жинап-терген тәжірибесінің терең теңізіне секіретін нүкте. Ақындық қиял сол теңіздің түбіне сүңгіп, не сонда тұншығып өледі немесе оның түбінен адамзат баласына қажетті болған рухани інжу-маржанды адамдар арасына алып шығады. Тіпті, оның кейде түймені түйеге, күймені биеге айналдырып жіберетін күдіретті кездері де болады. Сондықтан өлең жасампаздығы ақындық қиялдан мүлде айырыла алмайды. Ал ғылымда қиялдың болу болмауы онша маңызды мәселе емес. Ғылым тек нақтылы ұғымдар арқылы ғылыми талдау жүргізуге мұқтаж. Сондықтан екеуінің көздеген негізгі мақсаты екі басқа болады. Ғылым шынайы болмыстан ақиқат іздейді, ол - қолға келтіріп, айқындаған ақиқатын ереже, қағида, теорема, аксиома және формулалар арқылы бейнелейді. Ал өлеңдегі ой қорытудың нәтижесі ақынның лирикалық тұлғасы сінген, өзіндік өң-түсі бар, ешқандай бір ақынның өлеңіне ұсамайтын, шынайы да шыт жаңа өміршең өлеңді жарық дүниеге алып келеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін арынды ақын Жәркен Бөдешұлының мына бір өлеңіне талдау жасап көрейік:

Туған жердің қар, мұзы,
Бізғарыңмен жуындыр.

Туған жердің бал қызы
Бұрымыңмен буындыр.
Туған жердің бұлағы
Толқыныңмен ат мені.
Туған жердің жыланы
Шырылдатып шақ, мені.
Туған жердің шеңгелі
Тырна аямай бетімді,
Туған жердің желдері
Аузыма құй өтімді.
Туған жердің доңызы
Құрсағымды жарып кет.
Туған жердің қоңызы
Домалатып алып кет.
Туған жердің қасқыры
Кемір, ақын сүйегін.
Туған жердің тас, қыры
Сені осылай сүйемін [4, 107-108].

Біз оқып отырған бұл өлең, ең алдымен, «Туған жер» тақырыбында жазылған өлеңдерге мүлде ұқсамайтын өзіндік даралығымен көңілге жылы тиіп, көзге оттай басылады. Бұл өлең Жәркен Бөдешұлының «Жұлдызға орын ай бермес» атты жыр жинағындағы ақынның Жәркенше әйгілене бастаған жаңа жыраулық жасампаздық жалынын дөп басып, әйгілеп тұрғандығы белгілі. Өлеңнің өн-бойынан ақынның өзіне тән ешбір ақынға ұқсамайтын суреткерлігі мен жаңаша ой жүйесі мен мұндалап тұрады. Міне, осы өлеңнің өзінен-ақ ақынның тоғыз ай толғатып жүріп, азаптанып жазып, қорытындылаған туған жерге деген сезімдік ақиқаттың айқын бейнесін көруге болады.

Біз бұл арада қазіргі қазақ өлеңінің бойында болатын парасатты ақиқатты жоққа шығарып отырғанымыз жоқ. Онда ақиқаттан туындайтын құнды тәжірибе сабақтың болатындығын, әрине, мойындаймыз. Өлеңдегі ақиқат жалаң ақиқат емес, қайта ол оқырмандардың ойына айшықты образ арқылы тіке емес, жанамалай әсер ететін сезімдік ақиқат болып табылады. Ал ғылымдағы ақиқат болса, адамның санасына тікелей әсер ететін ұғымдар уысындағы парасатты ақиқат. Сол себепті өлеңнің бойынан ғылымнан ақиқат іздегендей ғылыми ақиқат іздеп, өлеңнің ұйқасына таскенеше жабысып алып, өлең жазатын «ақындардың» айғай-аттанын дарынды өлең друге келмейтін секілді.

Ойымызды жинақтай келе, өлеңнің ғылымға қарағанда сезім мен қиялға өте зәру екендігін айқын аңғара аламыз. Сонымен бірге өлеңдегі ой қорытуға қатысқан қиял мен өлеңге сіңірген сезімдік бояудың өзіндік даралығынан ақындық өзгеше жасампаздық стильдің ерекшелігін аңғару да қиын емес. Өйткені бұл пікірімізді «менің ойымша, ғылым мен өнер – бір-бірімен сабақтас. Екеуі өз алдына бөлек әлем десек те, бұлардың өзара байланысты екеніне сенімім кәміл. Белгілі орыс психологі Павел Семенов ғылым мен өнердің өзара байланысын аңғара білген. Семеновқа сенсек, ғылым ретінде, біз қоршаған ортамызға жіті көзбен қараймыз және белгісіз нәрселерді көңілге қонымды, мағына беретіндей етіп түсінуге тырысамыз. Өнер адамы ретінде, біз өзімізге таныс қоршаған ортадан мүлдем жаңа дүние ойлап табамыз. Ал мен шын мәніндегі жақсы ғылыми экспериментті осы екі саланы да терең білетін адам жасауы қажет дер едім» [5, 336] деген толғамды тұжырым да растап тұрған секілді. Бұдан шығатын қорытынды - өлеңнің қиялсыз қиыннан қиыспайтындығын, сезімсіз өлеңнің семсерсіз батыр секілді бейшара хал кешетіндігін ерекше ескеру болып табылады. Өйткені тек өлеңнің өлеңі ғана болып табылатын дарынды өлеңдер жеке дара жаратылысымен өз құндылығын байқата алатындығы белгілі. Қысқасы, өлең өнері сезім мен қиял және жеке дара жасампаздық жолы арқылы ғылымнан іргесін алшақ бөлгенімен, оның бойында ғылымға тән шындықтың өзі емес, төркіні, ақиқаттың дәл өз бейнесі емес, оның ата тегінің рухы жатады. Сондықтан өлең өнерінің өзегінде ғылымға тән шымыр шындық пен нанымдылық бар деп айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. У Сыжин. Өлеңнің негізгі қағидасы. Қытай тілінде. – Пекин: «Жұмысшылар баспасы», 1987. - 432 б.
2. Шәймерденов Е. // «Жалын». 1996, № 1-2 - 81 б.
3. Бажай Ә. // «Жұлдыз». -1996, № 1. - 120 б.
4. Бөдешұлы Ж. Жұлдызға орын ай бермес. – Алматы: «Сөзстан», 1996. - 160 б.
5. Аронсон Эллиот. Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе, 11-басылым. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл, - 408 б.

ҰЛТ ҰЛЫЛАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ (Эссе)

*БИТЕНОВА Ү.Қ.,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының
және ҚР Журналистер одағының
мүшесі,
ҚР Білім беру ісінің және ҚР Мәдениет
саласының үздігі,
Жамбыл облысы, Қазақстан*

Шымкент педагогикалық институтының қазақ филологиясы факультетінде оқыған біздер "Әдебиет тану ғылымы әдебиет теориясы деп аталады" деп басталатын профессор Әбіш Байтанаевтың дәрісін ұйып тыңдадық. Ол кісі "Әдебиет теориясы" пәнін филология ғылымының докторы, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, ғалым Қажым Жұмалиевтің еңбектерінің негізінен бастап оқытып-үйретті.

Ол кезде әдебиетіміздің үш арысы атанған Сәкен, Бейімбет, Ілиястан басқа Алаш қайраткерлері сөз етіле бермейтін-ді. Бірақ бас салып жамандау да ішінара тыйыла бастаған сияқты мезгіл еді. Мұны біз ұлт әдебиетін, тарихын қозғайтын Әбіш ағайымыздың халық жауы атанып кеткен қазақ зиялыларының атына дақ жұқтырғысы келмейтін лекцияларынан да бағамдадық. Есесіне КСРО цензурасының шаш ал десе бас алатын жауыз қылышының қан сасыған пиғылын мұңкіте баяндайтын.

Сол лекциялардың бірінде Бүкілодақтық большевиктер коммунистік партиясы Орталық Комитетінің "Звезда" мен "Ленинград" журналдарына қатысты 1946 жылдың 14 тамызы күнгі атышулы Қаулысы туралы дерек келтірілді. Ресейдің Ленинград қаласынан басылып шығатын бұл екі көркем-әдеби жорналдың бағытының дұрыс еместігін баса атап өтетін Қаулы классик жазушы Михаил Зощенко мен талантты ақын Анна Ахматованың шығармаларын іске алғысыз етіп тастайды. Орталық Комитеттің отырысында қабылданған Қаулы 21 тамызда "Правда" газетінде жарияланады. Екі апта өткенде Зощенко мен Ахматова Жазушылар Одағынан шығарылады. Артынша екеуінің де шығармалары қуғынға ұшырап, кітаптары дүкендерден алынып тасталады. Тіпті авторлар нан алатын карточкаларынан айырылады. Соғыстан кейінгі ауыр жылдарда әл-ауқатын нашарлатқаны былай тұрсын, екі ұлы қаламгерді әдеби өмірден аластап, күресінге тастаған қатыгез жүйе туралы дәрісті конспект дәптерімізге зуылдатып жазып алып үлгеріп жатқанымызда, профессор дыбыссыз тыныстап, терең күрсінетін. Ол кісінің осы күрсінісін пайдаланып, біз де қас-қағым сәтке болса да демімізді бір алып қалушы едік. Бірақ үнсіздік көпке бармайды. Әдетте көзін жұмып алып, қағазындағыны тоқтамай жатқа соғатын Әбіш ағайдың сілтідей тынып, өзінен көз алмай қарап отырған студенттеріне дәрістен тыс нәрсе айтпақ болғанын ең алдыңғы партадағы кез-келген жан байқар еді. Мен сөйттім. Қолымдағы қаламсабымның бір ұшын аузыма сап тістелеген күйі, ұстазыма құлақ түрдім.

- ...Егер, катал тәртіптің қаһарына құрбан болған осылар құсап, репрессияға ұшырап, халық жауы атанбағанда, Қажым Жұмалиевтің "Әдебиет теориясын" әріден, Ахмет